


асакритикалық флюидтік технологияларды дамыту жөніндегі маңатты мемлекеттік бағдарлама жасаудың қажеттілігі туындауда [1].

Органикалық синтез үшін көміртек диоксидін көміртек көзі ретінде пайдалану қазіргі заманғы органикалық химия мен мұнай химиясының маңызды мәселесі болып табылады. Химиялық синтезде көміртек диоксидін утилизациялау табиғатты қорғауда үлкен маңызы бар, себебі бұл атмосфераға CO_2 -нің бөлінуін азайту жолдарының бірі. Ал көміртек диоксиді булы газдардың негізгі компоненті болып табылады [14-16].

Қазіргі уақытта өнеркәсіптік ауқымда көміртек диоксиді негізінде тек екі процесс жүзеге асырылады: мочевина (карбамид) және салицил қышқылы синтезі. Көміртек диоксидінің молекуласы төмен реакциялық қабілеттілікке ие, сондықтан оның қатысуында жүретін реакциялардың басым көшшілігі тек белгілі жағдайларда ғана өтеді: металл кешенімен активтендіру, катализаторларды қолдану, процесті жүргізуіндегі қатаң жағдайларында және т. б. [15, 17]. Сонымен қатар көміртек диоксидінің кейбір қарапайым туындылары белсенді болып келеді.

Алкилкөмір қышқылдарының сілтілік тұздарынан, фенолдар мен фено-ляттардан синтездеуге болатын гидроксиароматикалық қышқылдар практикалық қолданысын көнектітуде. Салицил қышқылы және оның туындылары фармацевтикалық препараттар [18, 19] ретінде пайдаланылады, ал п-гидроксибензой қышқылы полимерлік материалдар мен сұйық кристалды поли-эфирилерді [20], 2-гидрокси-3-нафтой қышқылының ариламидтерін алу үшін қолданылады [21].

1958 жылы гидроксиарендерді карбоксилдеу реакциясында карбоксилдеу агенті ретінде алкилкөмірқышқылдарының сілтілік тұздарын пайдалану мүмкіндігі туралы хабарлама пайда болды [22]. Фенолды этианолдағы натрий-этилкарбонат суспензиясы бар қоспасымен 175°C -ға дейін баяу қыздырғанда (реакцияға түспеген фенолдың бір бөлігін және еріткішті бір мезгілде айдай отырып) 50 % ~ шығыммен салицил қышқылы (I) алынды. Калийэтилкарбонатты қолданғанда салицил қышқылы мен п-гидроксибензой қышқылының (II) қоспасы алынды [23]:



Кейінірек жапондық зерттеушілердің фенолят түріндегі гидроксиарендерді карбоксилдеу үшін алкилкөмірқышқылдарының сілтілік тұздарын қолдану бойынша бірнеше жұмыстары пайда болды [24].